

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ
«Гигиена – 1, дене шынықтыру және валеология» кафедрасы.

Пәні аты: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы»
Мамандық: 5В 110400- «Медициналық-профилактикалық іс»

Дәріс №20
Тақырыбы: Балалар мен жасөспірімдер
мекемелеріндегі жарықтандыруға
қойылатын гигиеналық талаптар.

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2014ж.

Балалар мен жасөспірімдер мекемелерінің жарықтандыру, ауа-жылу тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптар.

Балалар мен жасөспірімдер мекемелерінде сақтық санитарлық бақылау жұмысын дұрыс жүргізгенде ғана балалардың өсіп, дамуына қажетті қолайлы жағдай жасауға болады. Ол үшін қаланың жалпы жоспарын өңдеп, келісу және тұрғын аудандар мен ықшам аудандардың жобаларын жеке талдап қарау жұмыстарын міндетті түрде санитарлық қызметтің қатысуымен жасаған кезде ғана дұрыс нәтижеге жетуге болады.

.



Қаланың жалпы жоспарын өңдеу кезінде СЭС, балалар мен жасөспірімдер мекемелерінің қазіргі жағдайлары туралы санитарлық сипаттамалар негізінде санитарлық жоспар-тапсырма жасайды. Бұл тапсырмада міндетті түрде орындалуы қажет (мысалы, бала-бақшаны өндіріс орнының санитарлық қорғаныс зонасынан шығару, немесе материалдық-техникалық базасы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін мектептерді қайта салут.с.с).

Қаланың жалпы жоспарын келісімге салу кезеңінде ең алдымен елді мекеннің балалар мен жасөспірімдер мекемелерімен қамтамасыз етілу жағдайы туралы сұрақты шешу қажет. 2.07.01-87 «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі құрылыстарды жоспарлау: », құрылыс нормалары мен ережелері (ҚНменЕ) бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінің (МДМ) саны, қалалық демографиялық. құрылысына байланысты болады және халықты МДМ қамтамасыз ету деңгейі 85% мөлшерінде алынады (жалпы түрдегі - 70% , арнаулы түрдегі - 3% және салауаттандыру түрі - 12%).

Демографиялық мәліметтер болмаған жағдайда, жаңадан салынатын елді мекендерге бұл көрсеткіш 1000 адамға - 180 орын есебінен айынады және құрылыс салынып жатқан тұрғын территориясында -1000 адамға 100 орыннан артық болмауы керек.

Мектеп қажеттілігі мектеп жасындағы балаларды толық емес орта мектеппен (1-9 сыныптар) 100% және толық орта мектеппен (10-11 сыныптар) 75% дейін қамтамасыз ету есебінен алынады. Жаңадан салынатын елді мекендерде -1000 адамға 180 орыннан кем болмауы керек.

□ Балалар мен жасөспірімдер мекемелерін орналастыру туралы сұрақтар да (тұрғын аймақтарды жобалау, жер учаскесімен қамтамасыз ету) осы кезеңде қарастырылады. Сонымен қатар, санитарлық-гигиеналық көрсеткіштері бойынша немесе қала салу жағдайына байланысты қайта салуды қажет ететін объектілер анықталады. Санитарлық тапсырманың барлық шарттарының орындалу барысы тексеріледі.



□ Сақтық санитарлық бақылаудың келесі кезеңі тұрғын аймақтың жобасының детальды жоспарын санэпид қызметімен талдап келісу болып табылады. Мұнда есепке алынған халықтың санына объектілердің жеткіліктілігі, олардың ықшамауданда орналасуы, қызмет ету ауданы, жер учаскесінің ауданы, ғимараттың бағытталуы, басқа ғимараттардан ара қашықтығы, құрылыс салу мерзімі соңғы рет дұрыстап тексеріледі.



- Осы жұмыстарды жасауда төменде көрсетілген мөлшерлік талаптар сақталуы керек:
- 1. Қызмет ету ауданы көрсетілген мөлшерден жоғары болмауы керек:
- - қаладағы мектепке дейінгі мекемелерде - 300 м., кішкене қалалар мен ауылды жерлердегі мектепке дейінгі балалар мекемелерінде - 500 УГ.
- жалпы білім беру мектептерінде - 750 м²., бастауыш сыныптарға арналған жалпы білім беру мектептерінде 500 м²



- 2. Жер учаскесінің ауданы 1 орынға: Мектепке дейінгі мекемелердің сыйымдылығы: 100 орынға болғанда 40 м 100 орыннан жоғары болғанда 35 м² 500 орыннан жоғары болғанда 30 м Жалпы білім беру мектептерінің сыйымдылығы:
 - - 40-тан 400 орынға дейін - 50 м² 600-ден 800 орынға дейін - 40 м²
 - - 800-ден 1100 орынға дейін - 16 м²



- 3. Ғимарат пен оның учаскесінің ара қашықтығы:
- - қалада, қызыл сызыққа дейін - 25 м
- - ауылдық жерде, қызыл сызыққа дейін - 10 м
- - тұрғын үйлерге дейінгі ара қашықтық инсоляция, жарықтандыру мөлшері бойынша.



4. Санитарлық мөлшер мен ережелер бойынша мектеп жасына дейінгі мекемелердің, жалпы білім беру мектептерінің, мектеп-интернаттардың ғимараттарының орналастырылуы мен бағытталуы бөлмелерде үздіксіз үш сағаттық инсоляция ұзақтығын қамтамасыз етуі керек. Жобаның детальды жоспарлануы негізінде ықшамаудан құрылысының жобасы өнделеді



□ Осыдан соң сақтық санитарлық бақылау жұмысы бірінен кейін бірі жүретін негізгі төрт кезеннен тұрады:

□ 1. Жер учаскесін бөліп алуды келісу.

□ 2 Құрылыс жобасын қарау.

□ 3. Құрылысқа бақылау жүргізу.

□ 4. Объектіні қабылдап алу.



- Бірқатар заңдылық актілер бойынша санитарлық қызмет кейбір заңынан ауытқулары бар, бекітілген мөлшерлері мен ережелері жоқ жобалар және жеке жобалардан басқа барлық типтік жобалардың бәрін бірдей қараудан босатылған.
- Сондықтан барлық жерлерде жер учаскесін тандап, бөліп алу кезеңінде жобаны тексеру, құрылыс салу және оны қабылдап алу кезеңдерінде сақтық санитарлық бақылаудың сапасын жоғарылату қажет.
- Бұл бөлімдер коммуналды гигиена курсы бойынша лекцияда толық берілген. Сондықтан, осы лекцияда тек қана балалар мен жасөспірімдер мекемелерінің жобалануы мен құрылысының гигиеналық негізіне ерекше көңіл бөлінеді.



***НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!***

